

Қобланов Ж.Т.

**Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры
(Ақтау, Қазақстан)**

ФРАНЦУЗ БАТЫРЛЫҚ ЭПОСЫ «РОЛАНД ТУРАЛЫ ЖЫРДЫҢ» ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада франктардың халық ауыз әдебиетіндегі «Роланд туралы жыры» қарастырылған. Орта ғасырларда Франциядағы шіркеу эпикалық поэзияға әрқашан дұшпандық көзқараста болып, оның мазмұнынан халықшыл сарындарды алып тастауға ұмтылып келді. Батырлық эпостың идеясында, мазмұнында кейбір өзгерістер болды. Оларға орта ғасырларда үстемдік жүргізген феодалдық-шіркеу саясатының көмегімен христиан дінінің танымдары енгізілді. Мақалада жырдың туу тарихы, нұсқалары, идеясы, негізгі кейіпкерлер жан-жақты сараланып, терең теориялық талдаулар жасалады.

Түйін сөздер: жыр, христиан шіркеуі, халық ауыз әдебиеті, образ, эпизод, тарихи оқиға.

Кобланов Ж.Т.

**кандидат филологических наук,
профессор кафедры «Казахская филология»
Каспийский университет технологии
и инжиниринга имени Шахмардана Есенова
(Ақтау, Казахстан)**

ОСОБЕННОСТИ ФРАНЦУЗКОГО ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА "ПОЭМА О РОЛАНДЕ"

Аннотация. В статье рассматривается героический эпос устного народного творчества франков «Поэма о Роланде». В средневековье церковь во Франции всегда была враждебным взглядом на эпическую поэзию и стремилась исключить из его содержания народные мотивы. В идее и содержании героического эпоса произошли некоторые изменения. В них были включены познания христианской религии с помощью феодально-церковной политики, ведущей господством в средневековье. В статье всесторонно раскрывается и проводится глубокий теоретический анализ истории рождение, варианты, идеи, основные персонажи поэмы.

Ключевые слова: поэма, христианская церковь, фольклор, образ, эпизод, историческое событие.

Koblanov Zh.T.
Candidate of Philology,
professor of the department "Kazakh philology"
Caspian University of Technology
and engineering named after Shakhmardan Yessenov
(Aktau, Kazakhstan)

FEATURES OF THE FRENCH HEROIC EPOS "POEM ABOUT ROLAND"

Annotation. The article deals with the heroic epic of oral folk art Franks «Poem about Roland». In the middle ages, the Church in France always had a hostile view of epic poetry and sought to exclude folk motifs from its content. There were some changes in the idea and content of the heroic epic. They included

knowledge of the Christian religion with the help of feudal-ecclesiastical policies leading to domination in the middle ages. The article comprehensively reveals and provides a deep theoretical analysis of the history of the birth, variants, ideas, and main characters of the poem.

Keywords: *poem, Christian church, folklore, image, episode, historical event.*

Халық ауыз әдебиетінің таңғажайып үлгісі ретінде танылған «Роланд туралы жыр» 4002 жолдан тұрады. Жырдың алғашқы нұсқасы Оксфорд мәтіні болып саналады. Ол Англияда 1170 жылдар шамасында жазып алынған. Жырдың өзі XI ғасырдың соңы XII ғасырдың басында туып, ғасырлар дамуында ауыздан-ауызға көшіп, соңғы дәуірлерде көркемдік жақтан біраз сұрыпталып, ықшам қалыпқа келтірілген.

Жырда франктар королі Карлдің мавр-сарациндықтармен шайқасы, дұшпандар қолынан қаза тапқан Роланд батырдың кегін қайтаруы хикаяланады. Жырдың негізгі мазмұны тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Бағдат халифасына қарсылар Карлге өтініш жасап, Испанияда тәуелсіз мұсылман мемлекетін орнатқан Абдурахманға қарсы күресте, одан көмек сұрайды.

Испания маврларының арасындағы жанжалға араласқан Карл 778 жылы Пиреней асуынан өтіп, көп жерлерді жаулап алады. Сарагос қаласын бірнеше күн қоршауға алып, бірақ соңынан шегінуге мәжбүр болады. Пиренейден өтіп бара жатқанда, егістік жерлерінің ат тұяғына тапталғанына ашуланған басктар, кеште Ронсеваль шатқалында үлкен қосынның арқа жағынан оқыс шабуыл жасайды. Карлдің замандасы, тарихшы Эганхард бұл оқиға жайлы былай деп жазды: «...басктар таудың ең биік шатқалына тосқауыл орнатып, жоғарыдан шабуыл жасап, жүк тиелген арбалар мен алдыңғы бөлімдерді қорғап келе жатқан арьергардтағыларды төменге қарай лақтырып тастады. Соңынан шайқасқа кірісіп, олардың бірде-біреуін қалдырмай қырып тастады. Өздері болса жүк тиелген арбаларды тонап, түн қараңғылығынан пайдаланып, жан-

жаққа қашып кетті. Бұл шайқаста көп сарбаздармен бірге король қызметшісі Эггихард, пфальцграф Ансельм, Бретон бастығы Хруодланд та өлтірілген еді». Мұндағы Хруодланд шекара бөлімінің бастығы - поэманың бас қаһарманы Роландтың өзі (прототипі) болатын.

Карлдің солтүстік Испанияға жасаған сәтсіз жорығының діни күреске ешқандай қатысы болмаса да, жыршы-хикаяшылар оны өзге діндегі арабтармен болған жеті жылдық соғысқа байланыстырады. Карл қосынының Ронсеваль шатқалындағы апатын да баск христиандарының қиянаты емес, ал испан арабтарының жауыз зұлымдығы деп көрсетеді.

Жырда Франция мен оның императоры Карл, «сүйікті Франция» үшін жанын құрбан қылған батыр Роландтың ерлігі мадақталады. Феодалдық қанау мен өзара соғыстар өршіп тұрған дәуірде мемлекеттің бірлігін қалпына келтіру үшін орталықтанған билік маңына топтасу заңды құбылыс еді, сондықтан да, король үкіметі «тәртіпсіздік ішіндегі тәртіп өкілі болды». Жырдағы оқиғалар халық эпосына тән дәстүрмен беріледі, кейіпкерлер (Роланд, Оливер, Карл) соғыста күдіретті, ержүрек ретінде баяндалады.

Роланд - өз сюзерніне адал вассал, әрқандай ауыр жағдайда да өз Отанын қорғаудан бас тартпайтын, қақаған суыққа да, аптап ыстыққа да төзімді, өжет жауынгер. Роландтың жарқын отансүйгіштігі сатқын феодал Ганелонның аярлығына қарама-қарсы қойылады.

Жырда үлкен орын алатын Ганелон образында сол дәуірдің саяси қайшылықтары, феодалдық кертартпалықтар сынға алынады. Ол өз жеке басының мүддесі үшін қызмет ететін адам ғана емес, сонымен бірге адамгершілік қасиеттерден мақұрым болған залым феодалдың бейнесі. Жырда Ганелон образы жинақталған типтік образ дәрежесіне көтерілген. Ол қорқақ жауынгер емес, керісінше, жүректі жан. Роланд оны «Сарагос сұлтаны Марсилиге Карлдің елшісі болып барсын» деп ұсыныс жасағанда, бұл тапсырманың қауіпті екенін біле тұра одан бас тартпайды. Бірақ Роландтың мұндай ажалға қарсы айдауын қастық деп ұғып, реті келгенде кек қайтару

ойын жасырмайды. Карл сарайына келген Марсилидің елшісі Блакандринге жолда осы ойын ашық айтып, келісіп алады. Бірақ сұлтанмен кездескенде өз мақсатын білдірмейді, оның ашуына тиетін сөздер айтады. Карлдің христиан дініне кірсін деген талабын әдейі ескертеді. Марсилимен жасырын тіл біріктірген кезде де сабырлылық танытады. Карл сарайына келген соң, Ганелон «дұшпанмен келісім жасалды» деп мәлімдейді. Тосқауылда кімнің жасағын қалдыру мәселесі көтерілгенде, ол Роланд жасағын қалдыруды ұсынады.

Осылайша, Роланд жасағы қосын соңынан жүреді. Мұны пайдаланған сарациндықтар жасаққа шабуыл жасайды. Ронсеваль асуындағы бұл қырғын шайқаста қалың қолға аз ғана әскермен қарсы тұрған Роланд жасағы түгел қырылады.

Таянды ажал...

Граф та мұны сезінді,

Жиып ап бойға соңғы күш, соңғы төзімді,

Жүріп келеді қия алмай қарап өңірге,

Тіршілік семіп қан-сөлсіз осынау өңінде.

Көз алды – тұман...

Қапасқа қайта төнді кеп, сілтеді семсер,

Қаһарын төгіп соңғы рет,

Шақыр да шұқыр тасты үгіп жатты бір уақта,

Болат семсер жүзі қайтпады бірақ та.

Үн қатты ол сонда:

«А, құдай-ана, жебей гөр,

Дюрандаль, бізді босқа өлді енді демейді.

Қоштасар сәт те туды ғой,

Бірақ арман жоқ,

Қарайлар артқа қайтпаған кек те қалған жоқ,

Жеңіспен өткен ізіміз жатыр қиырда,

Өрлігің жетсе өзің де жауға бұйырма...»
Таяды, міне, - таяды, ажал, таяды,
Қураған жүзін қара тер жуып барады.
Сөнерде енді өмірдің соңғы шырағы,
Кәрі ағаштың көлеңкесіне кеп құлады.
Ерлігін жыр ғып айта да жүрер ел кейін,
Кеудеге қойып семсері менен кернейін [1, б.243].

Осы оқиғаның негізгі себепшісі Ганелон сатқындықта айыпталып, сотқа тартылғанда да, ол сабырлылық сақтайды. Карлге қиянат жасамағандығын, тек қана намысына тиген Роландтан өш алғандығын айтады.

Ганелон туысқандарынан өз өмірін сақтап қалуын өтініп, жәрдем сұрайды. Пинабель оған жәрдем беруге дайын екендігін мәлімдейді. Роландты енді тірілту мүмкін емес, сондықтан барондар корольден Ганелонға кешірім беруін талап қылады. Бірақ бұндай талапқа Тьерри қарсы шығады. Тьерри жекпе-жек шайқаста («құдай соты») Пинабельді өлтіреді. Бұл Ганелонның жазықты екендігін дәлелдей түседі.

Сондай-ақ, шығармада Роланд образына оның досы болған Оливье образы қарсы қойылады, екі көркем кейіпкердің мінездері бір-біріне қайшы келеді. Роландтың өз күшіне артықша сенімділігін, ерлігін Оливьенің даналығы толықтыра түседі. Бұл жағдай кейіпкерлердің жеке қасиеттерін айқындай түседі.

Ронсеваль асуындағы қанды оқиға, Роланд жасағының қырғынға ұшырауы, граф Ганелонның опасыздығы Карл қосынына үлкен шығын әкелді. Сондықтан да жыр Карлдің өз дұшпандарынан кек алуын баяндаумен аяқталады. Қайғылы хабарды естіген Карл әскерлерімен кейін оралып, Роланд және басқа да мерт болған сарбаздары үшін кек қайтарып, өзге діндегі жауларын тас-талқан етеді, соңынан Ганелонды қылмыскер ретінде өлтіреді. Ганелон - өз мүддесін мемлекет мүддесінен жоғары қойған, әрі сол қоғамдағы келеңсіз қасиеттерді өз бойына жинақтаған жан. Ганелон образы арқылы

халық басына көп қиыншылықтар әкелген, мемлекет құдіретіне нұқсан келтірген феодалдық зұлымдық әшкереленеді.

Батыс феодалдарының Испанияны арабтардан азат ету үшін жүргізген күрестерін Шығыс мемлекеттеріне қарсы бағытталған жорықтар ретінде көрсетуге болған ұмтылыстардың шығармада өз ізін қалдыруы табиғи жағдай еді. Тарихи фактілердің бұрмаланып берілуі халық батырлығы мен феодалдық-шіркеу саясатының араласып кетуінен болса керек. Жырды шығарушылар кең мәліметке ие болмады, сондықтан өз дұшпандары, яғни маврларды (арабтар) көп құдайға сенеді деп айыптады. Поэмада Сарагостың сұлтаны Марсили Мұхамед Аполлин мен Терваганға табынушы «қарғыс атқан» делінеді. Бұл нәрсе жырды шығарушылардың ислам дінінен мүлде хабарсыз екендігін білдірсе керек. Шіркеу христиан дініндегілердің сауатсыздығын пайдаланып, сарациандықтарды (Арабстанда жасаған ежелгі көшпенді халық) «жыртқыштар» деп көрсетті. Бұл дәуірлерде араб мемлекеттерінің мәдениеті Батыс Еуропа мемлекеттерінен едәуір ілгері дамып кеткен болатын.

«Еуропадағы ілім-білім негізінен, «Інжілді» оқу және оның мағынасын түсіндіруден арыға ұзай алмай жатқан бұл кезеңде, арабтар антикалық мәдениеттің ұлы данышпандарының шығармаларымен танысып, Аристотель, Архимед сияқты философ, ғалымдардың еңбектерін аударып, үйреніп жатқан еді» [2, б.27].

Әскери жорықтарға қатысқандар Шығыс мемлекеттерден Еуропаға көне мәдениет ескерткіштерін, антикалық дәуір ғалымдарының қолжазбаларын алып келді. Бұл болса, Еуропада шын мәніндегі ғылымның пайда болуына жағдай жасады, ал шіркеудің үстемдігіне нұқсан келтірді.

Жырда арабтарды «жауыз», «жабайы» деп атау сияқты діни көзқарастар өзге жұрт жерін жаулап алудың сылтауы ғана болатын. Архиепископ Турпин әскерлер арасында жүріп, «кәпірлерге» қарсы қасиетті соғысқа үндейтін, бұл соғыста өлгендерге «жұмақ есіктері айқара ашылады» деп жар салып, осы

арқылы басқыншылық соғыстарға діни сипат беретін. Жырдағы бұл эпизодтарда діндарлардың аярлығы, екі жүзділігі айқын көрінеді.

«Роланд туралы жыр» - терең адамгершілік сезімдермен, достық, жауынгерлік, отансүйгіштік рухымен суарылған ғажайып әдеби ескерткіш үлгісі. Эпикалық баяндау мен өлең жолдарындағы көтеріңкі рух шығарманың көркемдік дәрежесін арттыра түседі. «Жырдың тілі бай, әрі айқын. Образдары ықшам және қарапайымдылығымен жырдың халықшылдығын дәлелдей түседі» [3, б.47]. Сондықтан да бірнеше ғасырлар өтсе де, оның эстетикалық әсерлілігі, құндылығы жойылған жоқ.

Жырда әсер қалдыратын эпизодтар өте көп: күші мен саны жағынан басым жауға үлкен шығын келтіріп, соңында тығырықта қалған Роландтың Карлден жәрдем күтуі, қиянат жасалғанын байқаған Карлдің кейін оралуы, Роланд пен Оливьенің ауыр жарақаттанып жан тапсыруы, Карлдің Ронсеваль шайқасында опат болған батырлар басында тұрып көз жасын төгуі, сүйіктісінің өлімін естіген ару Альданың ішқұса болып дүниеден өтуі; Роланд бойындағы отансүйгіштік рух оның сөзі, ісі, әрекеті арқылы ашылады. Кейіпкер үшін «сүйікті Франция» сөзінен қасиетті сөз жоқ.. Роланд міне осы Отаны үшін өзінің жанын қияды.

Роландта феодалдық серілерге тән - мақтаншақтық, жауыздық, қанағатсыздық қасиеттер жоқ. Онда Отанға деген махаббат, халыққа қызмет ету мақсаты, өз міндетіне адалдық, мәрттік сезімі, т.б. адамгершілік қасиеттер жинақталған. Бұл белгілер батыр Роландты халыққа жақындастыра түсіп, оны сүйікті батыр дәрежесіне көтереді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аяғанов Б., Ізтілеуов К. Орта ғасырлар тарихы. Орта мектеп оқулығы. – Алматы: Рауан, 1998. – 160 б.
2. История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли. том 2. – Москва: Искусство, 1964. – 836 с.
3. Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. 3-кітап. –Алматы:«Бастау», 2015. – 491 б.